

**«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған  
Стамбакиев Нуржан Жаксылыковичтің «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының  
қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми  
рецензенттің**

**СЫН-ПІКІРІ**

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс еліміздегі ғылымның даму бағыттары басымдылықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер, оның ішінде – 7.1. Қоғамдықғылымдар саласындағы іргелі, колданбалы, пәнаралық зерттеулер, оның ішінде «7.1.1. Жаңа жсаһандық сын-қатерлер мен Индустря 4.0. трендтері жағдайында ұлттық экономиканы жаңғырту және тұрақты дамыту: экономикалық қатынастар және саясат, қаржы жүйесі, техникалық-экономикалық құрылым, менеджмент және үйімдастыру, бизнес орта» және «7.1.3. Әлеуметтану, саясаттану, дінтану, археология, тарих, гуманитарлық география, этносаралық қатынастар және этноконфессиялық қатынастардың өзекті мәселелері» баптарына сәйкес келеді.
		Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантуралық аясында әзірленген диссертация жұмысы.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Диссертациялық жұмыстың ғылымға қосар үлесі анық. Ғылыми зерттеуде Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы секторының даму қарқыны мен сын-қатерлері, шариги кеңестер қызметтерінің тиімділігі эмпирикалық әдіс негізінде зерттелген. Сонымен қатар еліміздегі исламдық

			қаржы институттары өнімдерінің шариги негізdemелеріне салыстырмалы сыни талдау жасалған. Қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен қорытынды тұжырымдар, зерттеудің өзектілігі, шынайылығы, қазіргі замандағы көкейкестілігі диссертациялық жұмыстың маңыздылығын айқындайды
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b>	Зерттеушінің жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары, өзіндік баяндау стилі анық байқалады. Зерттеу нәтижелері мен тұжырымдар көбінесе докторанттың өзі жүргізген интервью және сауалнамалардан алынған бірінші реттік дереккөздерге негізделген. Диссертация жұмысының логикалық қисындылығы мен жалғастырылған жақсы сақталған, талдау нәтижелері дәйекті әрі объективті сипатқа ие.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің <b>негізделген</b>	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі исламдық қаржы саласының Қазақстанда дамуын тежеуші факторларды эмпирикалық әдістер негізінде зерттеумен негізделеді. Сонымен қатар ізденушінің Қазақстандағы исламдық қаржы институттарының қолданысындағы қаржы өнімдерін талдап олардың шаригатқа сәйкестігін зерттеуі, исламдық қаржы институттарындағы шариги кеңестеркышметініңтімділігі мен шариги қадағалаужүйесін (shariah governance) талдауы осы зерттеу жұмысының өзектілігінайқындаиды
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын <b>айқындаиды</b> .	Ізденуші алғашкы екі тарауда исламдық қаржы өнімдеріне қатысты теориялық дискурстерге, индустрияның қалыптасуы мен қазіргі әлемдегі жағдайына компаративистикалық талдау жүргізген. Бұл тараулардан шықкан қорытындылар мен тұжырымдар Қазақстанға арналған 3-4 тарауларда өз байланысын тапқан. 3-4 тарауларда Қазақстандағы исламдық қаржы институттарының даму қарқыны, қолданысындағы қаржы өнімдері мен қызметтерін қадағалаушы шариги кеңестердің жұмысы зерттелген. Осы тұрғыдан алғанда диссертацияның мазмұны мен құрылымы диссертация тақырыбын айқындаиды деп баға беруге толық негіз бар.

	<p><b>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының даму карқының ғылыми түргыда зерттеу және қызметтерінің шаригатқа сәйкестігін талдау. Осы мақсатты орындау үшін жеті түрлі міндет белгіленіп, әр міндет бойынша жеке-жеке тұжырым жасалған.</p>
	<p><b>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық толық байланысқан</b></p>	<p>Диссертация құрылымы төрт тарауға бөлінген, тараулар өзара логикалық түргыда толық байланысқан. Ізденуші алдымен тақырыпқа қатысты ұғымдық және әдіснамалық мәселелерді жан-жақты қарастырып, әлемдік тәжірибелі салыстырмалы талдаған. 3-4 тарауларда Қазақстандағы исламдық қаржы институттарына қатысты талдау нәтижелерін бастапқы тараулармен үштастырған.</p>
	<p><b>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрынан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған сынни талдау бар</b></p>	<p>Ізденуші диссертацияда жеткен ғылыми нәтижелерін бұрынан белгілі шешімдермен салыстырғаны анықтайды. 1-2 тарауларда қамтылған теориялық негіздер мен әлемдік тәжірибелер Қазақстанға қатысты эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен салыстырылған. Диссертация жұмысының шешімдері алдынғы зерттеулермен сынни түргыда салыстырылған, мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Әлемдік тәжірибеден белгілі болған исламдық қаржы индустріясы роман-германдық заң жүйесіне қараганда англо-саксондық құқықтық жүйесін ұстанушы елдерде еркінірек дамиды деген тұжырым Қазақстан мысалында айқындалған.</li> <li>- Үлестік қаржы өнімдерінің қаржы институттарының активтік операцияларында сирек қолданылу үрдісі Қазақстанға да тән екендігі дәлелделген.</li> <li>- Зерттеу жұмысында диссидентант елімізде орталық шариги кеңес күрудың маңыздылығын негіздеуші алдыңғы зерттеулер сынга алынып, Қазақстанның қазіргі жағдайында орталық шариги кеңес күрудың аса қажеті жоқ екендігі</li> </ul>

			дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыста қол жеткізілген ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардыңкейбіріне өзінен бұрынғы зерттеулерді толықтырушы болғандықтан «жартылай жаңа» деген баға берілді. Мысалы: Zico Shariah зерттеу орталығы шет елдік тәжірибелер негізінде Қазақстанда исламдық терезе ашудың маңыздылығындәллесе, диссертация жұмысында осы уақытқа дейін исламдық терезе ашудың заңдастырылуына кедергі факторларанықталды.</p> <p>Сондай-ақ, диссертацияда «толығымен жаңа» деген бағаға лайықты тұжырымдардың бар екендігін де атап өткен жөн. Мысалы: АРИФ қауымдастырының зерттеуінде Қазақстанда орталық шариғи кеңес құрудың маңыздылығы негізделсе, диссертацияда орталық шариғи кеңес ашу Қазақстанның қазіргі жағдайында аса өзекті емес екендігі дәлелденген.</p> <p>«Толығымен жаңа» нәтижелерге еліміздегі исламдық қаржы институттарына қызмет көрсетуші шариғи кеңестерінің тиімділігі эмпирикалық зерттелуінен алынған қағидаларды жатқызуға да болады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста әрбір міндет бойынша жаңа әрі дәйекті қорытындылар тұжырымдалған. Десе де зерттеуден шықкан қорытындылардың бір бөлігі «жартылай жаңа», бір бөлігі «толығымен жаңа» саналады. Атап айтқанда, исламдық қаржының дамуын тежеуші факторлар, отандық нарықтағы қаржы өнімдерінің түрлері мен діни негіздерін зерттеуден шықкан тұжырымдарды 75% жаңа деп баға беруге болады. Қазақстандағы исламдық қаржы институттарының шариғи кеңестері қызметтерінің тиімділігін эмпирикалық зерттеуден шықкан қорытындыларды «толығымен жаңа» деп есептеуге негіз берады.</p>
		5.3 Техникалық, технологиялық,	Зерттеу саласы гуманитарлық-әлеуметтік бағытта

		экономикалық немесе басқару шешімдері жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)	болғандықтан диссертациялық жұмыс техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдермен сипатталмайды. Десе де диссертациялық жұмыстың тақырыбы пәнаралық болғандықтан, зерттеу нәтижелері жаңа басқару шешімдерімен байланысқан және ғылыми негізделген. Эмпирикалық зерттеу нәтижесінде алынған басқару шешімдері еліміздегі исламдық қаржы саласын дамытуға құзыретті үйымдар (исламдық қаржы институттары, АХҚО, ҚНРДАЖәне т.б.) үшін құнды әрі қолданбалы маңызға ие.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b>	Зерттеу негізінде алынған қорытындыларшетелдік және отандық зерттеулерге сілтеме берілу арқылы жақсы деңгейдедәллденген. Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттерін орындау барысында диссертант логикалық реттілікке сәйкес алты кезеңді қамтитын кешенді сапалық зерттеу жұмысын жүргізгендігін ерекше атап өткен жөн.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін қорытындылай келе ізденуші қорғауға сегіз тұжырым ұсынған. Негізгі қағидаттар мен тұжырымдар сапалық зерттеу әдістері негізінде дәйектеліп ғылыми түрғыда дәлелденген. Ізденуші исламтану мамандығымен қатар жалпы гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар әдістемесіндегі тәсілдерді пәнаралық байланыс деңгейде қолдана білген.</p> <p>1. Исламдық қаржы өнімдеріне қатысты теориялық және әдіснамалық дискурстереge салыстырмалы сыни талдау жасалып, үлестік және борыштық қаржы өнімдерінің рөлдері айқындалған.</p> <p><b>7.1. Қағидат дәлелденген</b></p> <p>2. Әлемдік тәжірибеге салыстырмалы талдау негізінде исламдық қаржы саласының дамуына әсер етуші факторлар анықталған.</p> <p><b>7.4. Қолдану деңгейі кең</b></p>

	<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>3. Қазақстандағы исламдық қаржы институттары көбінекорпоративті клиенттерге қызмет көрсетуге бағытталған. Отандық нарықта қоғамға қолжетімді исламдық қаржы өнімдері жетіспейді.</p> <p><b>7.1. Қағидат дәлелденген</b></p> <p>4. Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы индустриясының даму қарқыны зерттеліп, жеті түрлі тежеуші факторлар анықталған.</p> <p><b>7.4. Қолдану деңгейі кең</b></p> <p>5. 2017-2021 кезеңі бойынша еліміздегі исламдық қаржы ұйымдарының активтік операцияларында қолданылған қаржы өнімдерінің нарықтағы үлесіне салыстырмалы талдау жасалып, борыштық қаржы өнімдер оның ішінде тауарруқ өнімінің ең көп үлеске ие екендігі айқындалған.</p> <p><b>7.1. Қағидат дәлелденген.</b></p> <p>6. Еліміздегі исламдық қаржы ұйымдары ұсынатын қаржы өнімдері түрлерінің шектеулігі мен жаңа қаржы өнімдерінің дамымауының себептері ретінде мынандай жағдайлар анықталған: заңнамалық шектеулер, салықтық жүктемелер, өнімдердің тәуекел деңгейлерінің әртүрлілігі, сұраныс пен ұсыныстың бәсекендігі мен сала бойынша маманданған кадрлардың жетіспеушілігі.</p> <p><b>7.1. Қағидат дәлелденген</b></p> <p>7. Еліміздегі исламдық қаржы институттарының қолданысындағы қаржы өнімдерінің арасында тауарруқ өнімінің күмәнді өнім екендігі дәлелденіп, отандық нарықта тауарруқтың қолданысын барынша азайту керектігі түжірымдалды.</p> <p><b>7.1. Қағидат дәлелденген</b></p> <p>8. Қазақстанда исламдық қаржы институттары қызметтерінің шаригатқа сәйкестігін қадағалау жүйесі тиісті деңгейде жетілмеген. Шариги кеңестердің құрылымы мен</p>
--	--	--

			<p>қызметтерін реттеуші нақты заннамалық талаптар жетіспейді. Шариги кеңесшілік қызметі бойынша маманданған жергілікті кадрлар тапшы, шариги кеңес мүшелерінің барлығы шет елдік болуы жұмыстың тиімділігіне көрін тигізеді.</p> <p><b>7.1. Қағидат дәлелденген</b></p> <p>Диссертациялық жұмыстагы 1,3,4,6,7,8 қағидаттарышетелдік және отандық ғылыми журналдарда казақ, ағылшын, араб тілдерінде жарияланған мақалаларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <b>1) ия;</b>	Диссертацияның әдіснамасы жоғары деңгейде негізделген. Зерттеуші қолданған әдістерін кезең-кезеңмен бөліп, нақты жазып көрсеткен. Теориялық, пәнаралық зерттеу әдістерімен қатар эмпирикалық әдістер кең қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <b>1) ия;</b>	Диссертациялық жұмыста ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері жақсы деңгейде қолданылған. Сауалнама мен интервью жүргізуде және олардан алынған деректерді талдауда компьютерлік технологиялардың мүмкіндіктері пайдаланылған. Зерттеу нәтижелері түрлі диаграммалар мен кестелер арқылы бейнеленген.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <b>1) жок</b>	Зерттеу тақырыбы концептуалды-әдіснамалық бағытта болғандықтан диссертациялық жұмыста эксперименттік зерттеулер жүргізілмеген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың шынайылық дәрежесін

	<b>расталған / ішінара расталған /</b>	диссертацияның мазмұнынан көргө болады. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттермен расталған. ICD-Refinitivсынды соңғы әрі тың ақпараттармен қамтамасыз ететін әлемдік деңгейдегі сенімді платформаларға жүгінілген. Ізденуші көптеген сілтемелерге сини түсіндірмелер берген. Диссертацияда келтірілген сілтемелер зерттеуши қол жеткізген ғылыми нәтижелерді дәйектеуге негіз болғандығы анық байқалады.
	<b>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга жеткілікті</b>	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттердің тізімі әдеби шолуга жеткілікті болды деп айтуда толық негіз бар. Диссертант өз зерттеуінде қазак, орыс, ағылшын, араб тілдерінде жазылған ғылыми еңбектерге кешенді түрде әдеби шолу жүргізген. Зерттеу жұмысында қолданылған 205 әдебиеттің көпшілік бөлігі ғылыми еңбектер болып табылады. Қолданыстағы әдебиеттер тізімі диссертацияның теориялық және әдістемелік негізін жүйелеуге толық мүмкіндік береді.
9. Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: <b>1) ия;</b>	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы исламдық қаржы саласына қатысты ғылыми базаны толықтырады. Онда келтірілген түсіндірмелер мен талдаулар исламдық қаржы жүйесінің ерекшеліктері меншариги қадағалаудың тетіктеріне қатысты ұғымдық кеңістікті толықтырады.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: <b>1) ия;</b> 2) жок	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациядан алынған нәтижелерде еліміздегі исламдық қаржы саласынатура және жанама түрде қатысы бар мемлекеттік, қоғамдық, коммерциялық, академиялық ұйымдар үшін маңызды ұсыныстар мен нұсқаулықтар қамтылған.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып</b>	Исламдық қаржыны дамытуға қатысты берілген практикалық ұсыныстар «Исламдық қаржыландыруды дамытудың 2020 жылға дейінгі жол картасы» мен «Islamic

		табылады);	Finance Master Plan for the Republic of Kazakhstan 2020-2025»жол карталарында қамтылған міндеттер мен ұсыныстарды толықтырушы болғандықтан оларға ішінара жаңа (75%) деген бага бердік. Десе де диссертациялық жұмыстағы шариги қадағалау жүйесін жетілдіруге (Shariah Governance) қатысты берілген ұсыныстар «толығымен жаңа» деген сипатқа ие.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <b>1) жоғары;</b>	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары, заманауи ғылым талаптарына сәйкес. Атап айтқанда, диссертант зерттеу саласына тиесілі курделі түсініктөрілген үшіншілік жеткізе білген.</p> <p>Пәнаралық зерттеу кезінде салалар арасындағы байланыстардың жақсы сақталуының арқасында диссертация тақырыбы толық ашылған.</p> <p>Диссертацияда мәтінінің кейбір жерлерінде жұмыстың жалпы сапасына аса үлкен нұқсан келтірмейтін емле және тыныс белгілері қателері кездеседі.</p>

Ресми рецензент пікірінің қорытынды шешімі:

**«6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне алу үшін ұсынылған Стамбакиев Нуржан Жаксылыковичтің «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржы институттарының қалыптасуы және қызметтерінің ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.**

**Ресми рецензент:**

Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті  
Қаржы кафедрасының менгерушісі  
экономика ғылымдарының докторы, профессор \_\_\_\_\_  
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)



**К.Ж. Бертаева**